Тегінде ұрпақ тәрбиесі, жастар тәрбиесі жайында айтқанда ескерер бір жай, тәрбие жөнінде айтылар ақыл-кеңес, ой-пікір қоғамның жастарға қойып отырған талабынан алшақ кетпеуге тиіс. Оның үстіне тәрбие – өз принциптері мен заңдылықтары бар ғылыми категория. Сондықтан да болар, Ишанбай аға өмір тәжірибесінде байқаған нәрселерін жазғанда тәрбиенің ғылымилық жағынан гөрі әлі зерттеле қоймаған халық педагогикасы тұрғысынан ой айтуға тырысқан. Әрине, бұлай етуге оның толық құқы бар еді. Мамандығы дәрігер болғанымен, ол басшылық жұмыстарда болды, ел-халықпен үнемі байланыста болды, бәрінен де бұрын ұстаз, педагог-ғалым болуы. Ол алғы ойшылдардың, әсіресе қазақ зиялыларының жастар тәрбиесі жөнінде айтқандарынан терең хабардар еді. Профессордың пайымдауынша, тәрбие – ешқандай декретпен шешуге болмайтын ұзақ мерзімді, қиын, шыдам мен шеберлікті керек ететін іс. Әрекетшіл адамға әсіре тақуалықтың қажеті жоқ, шынайы сенімнен туындайтын өмірге құштарлық, сергектік керек.

Ол тәрбие мәселесіне зор жауапкершілікпен, белгілі біліммен, даярлықпен келу қажет, сондықтан бұл істе әртүрлі әдебиеттерді, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын, халық даналығы – мақалдар мен мәтелдерді, ең бастысы, өмірден көргендер мен көңілге тоқығандарды кеңінен пайдалану қажет деп есептейді. Осы тұрғыдан ол отбасы тәрбиесіне, бала мен анаға деген қамқорлыққа жан-жақты тоқталады. Ғалым-педагогтың еңбек тәрбиесіне, патриоттық, эти-

калық, эстетикалық тәрбиелерге, әсіресе жастарды отбасын құруға даярлауға, демографиялық саясатқа, гигиеналық, жыныстық тәрбиеге, ата-ананың бала өміріндегі рөліне, тағы басқаларына қатысты ойлары көңілге қонымды. Тәрбиенің екінші жағы – ұлтымызға тән қадір-қасиеттер мен салт-дәстүрлерді сақтау, білу. Тәлімгер аға осыған байланысты халқымыздың қонақжайлығы, татулық пен меймандастық, тыныштық, бауырмалдық қасиеттеріне ерекше тоқталады. Тойдың тәрбиелік мәні, салт-жоралғылар, тегін білу сияқты жақтарды да назардан қалдырмаған.

Еңбек тәрбиесі жайында профессор былайша толғанады. Әуелі «адамды адам еткен – еңбек» дейтін қағида ойға оралады. Шынында, еңбексіздің сиқы да сұмпайы, көрген күні де қараң ғой. Еріншек езді, жатып ішер жалқауды қай халық болсын ең қасиетсіз санаған. «Ерінгеннің ерні жібімес», «Жалқаудың жанына барсаң, сылтаудың астында қаласың» деп тегін айтылмаса керек. Міне, сондықтан да еңбек тәрбиесі – күллі тәлім-тәрбиенің атасы. Жас ұрпақты еңбекке баулу, жасампаздықтың сара жолына бағыттау – барша халқымыздың қастерлі борышы болуы керек. Өйткені, еңбек – қоғамның материалдық және рухани байлығының негізгі қайнар көзі, адамның әлеуметтік абырой-атағының басты өлшемі, оның қасиетті міндеті, жеке адамға ұлттық тәрбие берудің іргетасы.

Баланы ерте бастан еңбек дағдысына үйрету – тәлім тәрбиенің бастауы. Оның қолына ақша ұстатып, нан сататын дүкенге жұмсаңыз, қорықпаңыз, сауда жасап қайтсын – дейді тәлімгер. Сонда бала нанның нарқын біледі, сатушымен алыс-беріс процесінде қарым-қатынас жасау дағдысын алады. Ғалым осы ойын мынадай мысалмен тиянақтай түседі. «Біздің үйде тұратын К. деген көршінің ұлы болды, бала өмірге бейімсіз, орашолоқтау болып өсті. Балада еңбек дағдысы жоқ. Мен өз басым, сол баланың бірде-бір рет дүкеннен сүт, не нан сатып әкеле жатқанын көрген емеспін. Үйге керек-жарақты үнемі әке, шеше кезектесіп тасып жүргені. Әрине, бұл ата-ананың қателігі. Мұндай қателік жекелеген ата-анаға тән болса үндемей-ақ қоюға болар еді. Соңғы жылдары бұл ұнамсыз құбылыс тым етек алып кетті. Қазіргі жастардың арасындағы тоғышарлық, дүниеқоңыздық, салғырттық сияқты келеңсіз пиғылдардың бір себебі осында емес пе екен?» [2, 10 б.] – деп аяқтайды өз ойын.

Тәлімгер-ұстаз тәрбиенің барлық буындары сияқты еңбек тәрбиесі мен патриоттық тәрбиенің арасында ажырамас байланыс барын көре білді. Патриоттық тәрбие жалпы алғанда өзінің Отанын, халқын сүюге баулу деген мағынада айтылатын болса, біз үшін ол елімізді, қаһарман халқымызды, мызғымас бірлік пен достығымызды, жастарды жауынгерлік және еңбек саяты үшін мақтаныш сезіміне баулу деген сөз. Патриотизмнің мағынасы әрі кең, әрі терең. Ол көп нәрсені қамтиды.

Әлбетте, патриотизм бір күнде пайда бола қалатын нәрсе емес, ол – мысқалдап жиналатын қадірлі қасиет. Патриотизм күнделікті тәрбиелік маңызы бар түрлі

шаралардың, игілікті істердің, еңбекке, спортқа белсене қатысудың нәтижесінде қалыптасады. Нағыз патриот өзінің адамгершілік қасиетін барлық жерде, барлық жағдайда көрсете біледі. Ол еңбектегі ерлігімен ғана емес, семьядағы, жұмыстағы, жол сапардағы, әр кездегі әдептілігімен басқаларға үлгі болады. Патриотизм дегеніміздің өзі осындай сан алуан ізгі істердің бәрінің жиынтығы іспетті нәрсе. Осындай патриоттық қасиеттерді бойына жинаған асыл азаматтарға еліміз кенде емес.

Адам баласы ғасырлар бойы өз денсаулығының мықты, өмір жасының ұзақ болу жолдарын іздестірумен келеді. Адамдардың өмір тәжірибесі, медицина ғылымының жетістіктері ұзақ ғұмыр жасау мен денсаулықтың ең негізгі кепілі – дененің қозғалысы, яғни, еңбек екенін дәлелдеп берді. Ендеше ежелгі адамдардың дене шынықтыру мәселесіне көңіл бөлгені тектен-тек болмаса керек.

Дәрігер-ұстаз денсаулық мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Дене мүшелерінің беріктігі, бұлшықеттерінің шымырлығы және мықты денсаулық бірін бірі толықтыратын, бірінен бірі бөлінбейтін ұғым, сұлулықтың айқын нышаны. Орыс халқының «Дені саудың – жаны сау», түріктің: «Дені саудың – көңілі шат», арабтың: «Денсаулықты бұзғаның – өзіңді-өзің тонағаның», қазақтың: «Бірінші байлық – денсаулық» деген мақал-мәтелдері ықылым замандардың сынынан өткен, шындығы мен өнегесі мол сөздер – дейді ол.

Кәсіптік бағдарлау, яғни адамның мамандыққа икемділігін анықтау бұл – көп халықтардың ерте заманнан көздеген мақсаты. Көне дәуірдің өзінде-ақ жұрт еңбекке, әсіресе әртүрлі мамандықты қалайтын еңбекке, барлық адамның икем-қабілеті бірдей бола бермейтінін түсінген. Айталық, өмір бақи мал өсірумен күн көрген ата-бабаларымыз көрінген жылқының жүйрік, жорға бола бермейтінін, немесе, көрінген малдың сүтті болмайтынын ерте заманнан-ақ аңғарған. Сол сияқты жұрттың бәрі бірдей шешен, әнші, күйші, палуан бола алмайтынын зердесіне түйген.

Ұстаз-профессор еңбек етуге толық мүмкіншілік туған қазіргі жағдайда кім болса да өз мамандығын сүйе білгені жөн деп есептейді. Әрине, жақсы көрмейтін нәрсені сүйе мүмкін емес. Ал өзі қалаған мамандығы бойынша жұмыс істеу адамға ләззат береді, оның нәтижесі де өте мол болмақшы. Өзінің қабілетіне лайық сүйген мамандығы бойынша еңбек ететін адамдар жұмыста тез шаршамайтынын, өмірі де ұзақ болатынын дәрігер тілге тиек ете сөйлейді және де адамның өз мамандығына деген ынта-ықыласына сол мамандықтың қадірінің артуы және оның халық шаруашылығындағы маңызы, жұмыскердің білімділігі, ой-өрісі, эстетикалық талғамы әсер ететіні де сөзсіз дейді дәрігер-ұстаз. Бізде қазақ техникалық интеллигенциясын даярлау ісі маз емес [2; 166] – деп жалғайды ол өз ойын. Менделеев кестесіндегі элементтер түгіл дерлік табылып отырған республика жағдайында бұл – ойланатын мәселе.

Адамның жақсы, жаман болуы әлеуметтік фак-

торларға, тәрбиеге тікелей байланысты. Тәлімгер бұл мәселеге қатысты ойын былайша тарқатады. Үлкендер балаға үлгілі болу үшін олардың алдында өздерін дұрыс ұстай білгені жөн. Ата-ана жарасымды киім киюімен, мезгілінде тамақтандыруымен, үй ішінің тазалығымен, тәртіптілігімен, өзге адамға деген ілтипатымен, сыпайы мінезімен, жылы сөзімен бала көзінше өз абыройын берік ұстауға әрдайым міндетті.

Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені – ол үшін тәрбиенің ең үлкені, яғни баланың дұрыс адам боп қалыптасуы үй тәрбиесіне байланысты. Қысқасы, бала ата-анасының ұрыс-керісінің емес, тату-тәтті тіршілігінің куәсі болуға тиіс.

Баланы қанша жақсы көргенмен, оның елеулі қателіктерін аяқсыз қалдыруға мүлде болмайды. Бірақ ол үшін ұрып-соғып, қорламай, қамқор сөзбен түсіндіру қажет. Сол кінәсі үшін балаға: «Маубас», «боқмұрын», «ынжық» деп жұрт алдында жеку, ұрысудың тәрбие деген ұғыммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Мәдениетті, әдепті семьяларда ата-ана өз балалары үшін тәртіптілік пен сыпайылықтың, ынтымақтастықтың, қайырымдылық пен қамқорлықтың, адалдық пен адамгершіліктің үлгісі. Осындай өнегелі семьяда өскен балалардың көбісі-ақ есейіп жұбай таңдаған сәтте ұлдары өз аналарына, қыздары әкелеріне ұқсас адамдармен семья құруға тырысатыны анықталған. Міне, үй тәрбиесінің құдіреті осында жатыр.

Тәлімгер – ұстаз семьядағы тәрбие жан-жақты, кең мағынасында алғанда қоғамдық тәрбиеге қатынасты деп есептейді. Семья – қоғамның бір арнасы ғана емес, ол оның өзіндік тәрбие ұясы да. Бөбектер, сәбилер үшін олардың өміріндегі тұңғыш әлеуметтік орта бола отырып, семья олардың дүниетанымының, моральдық, эстетикалық талғамының, мінез-құлықтың негізін салады. «Отан – от басынан басталады», – деп дана халық бекер айтпаған. Бала тәрбиесі - Отан мүддесі. Демек, бұл – баршамыздың ортақ мақсатымыз.

Семья қоғам байлығы болып табылады. Өйткені семья – баланың ұшар ұясы, тәрбие мектебі, нақ осында оның мінез-құлқы қалыптасып, үлкен өмірге даярлықтан өтеді. Ғалым-ұстаз қоғамның семьяның босағасының берік, рухани жағынан кіршіксіз таза болуына мүдделілігінің басты себебі де осында дейді.

Дәрігер-ұстаз ұлтымыздың қайсыбір дәстүрлерін, олардың өмір салтымен, қазаки болмысымен терең ұштастыра отырып, медициналық тұрғыдан түсінік береді. «Қазақтың көне салты бойынша, тұңғыш бала атасы мен әжесінікі делінеді. Бұған жас жұбайлар бала іште жатқанда-ақ көне бастайды. Халқымыздың бұл салтында ешқандай оғаштық жоқ сияқты. Бұл – жас келін мен жас күйеудің емін-еркін ойнап-күлуі үшін де, күнделікті жөргек бейнетінен құтылу үшін де жеңілдік беретін ғұрып. Сонымен қатар ертеректе жылына жетпей-ақ емшек сүтімен келесі баласын көтеретін болған. Оның үстіне жас сәби жұбайлар мен ата-ананың арасында дәнекерлік қызмет атқарған. Мұның өзі жас отаудың іргесін бөлек салуына мүм-

кіндік бермеген. Тағы бір ғажабы, қартайып қалған ата-ана жас нәресте сүйіп, көңілдері көтеріліп, қайта марқаятын болған. Мұны ғылым да дәлелдеп отыр. Ондай жас нәресте сүйген ата-ана: «Немерем мектепке қашан барар екен, қашан ер жетіп үй болар екен?», - деген үмітпен өмір сүрген. Бұдан соң шөберемді көрсем деген тілек те пайда болады. Мұндай қариялар – нағыз бақытты қариялар да, осындай ата-аналары бар жастар жұлдызы оңынан туған жастар – дейді көнекөз көпті көрген қария.

Жас жұбайлардың ажырасып, семьяның бұзылуы – үлкен қасірет. Ол әсіресе бала үшін үлкен психологиялық қиындықтар әкеледі. Болашағын ойлаған адам бақыт кілті әр адамның өз қолында екенін түсінгені абзал. Басқаның ақылымен бақытты болам деу жаңсақ түсінік. Ендеше, семья болдың екен, басыңа қонған бақыт құсын жұбайыңмен қоса ұста – деген кеңес береді, дәрігер-ұстаз.

Адамды рухани байлықты игеруге, әсемдік дүниесін түсінуге баулу, оны қоғам мүддесі мен өз мүддесіне орынды пайдалана білетін білімді, мәдениетті, рухани дүниесі бай адам етіп даярлау деген сөз. Ал, бұлардың бәрі еңбекпен келеді. Тәлімгер – ұстаз еңбек, эстетикалық тәрбиенің негізі – деп түсінеді. Өйткені, тек еңбек сүйгіш, білімді, мәдениетті адам ғана қоғамның толыққанды мүшесі. Егер осылай түсінсек, – дейді ол, – эстетиканың егізінің сыңарындай одақтасы – этика деуге болады. «Этика» – грекше «өнеге», «әдет-ғұрып», «мінез-құлық» деген сөз. Басқа да білім салалары сияқты, этика әр түрлі элементтік-тарихи жағдайларға байланысты өте күрделі әрі ұзақ жолдан өтті. Оның қалыптасуына, дамуына көптеген адамгершілік мақсаттар мен мұраттар ықпал етті. Біздің этикалық-эстетикалық мұратымыз – сырт көріністің әдемілігі мен рухани кемелділіктің табиғи біте қайнасуы. Ондай адам - жетілген, қабілетті, парасатты адам.

Осыған байланысты сәнді әуестік жайында пікірін былайша баяндайды. Адам жарасымды тәуір киіне білуі керек. Бұған кімнің таласы бар. Әйтсе де бүгінгі жастарға: әдеби мен әдеті көпке үлгі жас ұрпақ өкілдері екендерінді қашан да, қайда болса да есте сақтаңдар дегіміз келеді. Өзіңді басқаларға үлгі ет, басқаларды қызықтыратындай әдептіліктің иесі бол, дейміз. Денсаулыққа, тазалыққа, сыпайылыққа зиянды ерсі әдет қай жерде де жеткілікті. Қыс пен күздің суық күндерінде де келте көйлекке қызығып, денсаулығына зиянын тигізіп алған, боятамын деп әсем шашын әлеміштеп алған, кірпіктерін жұлып енді оны қайта өсіре алмай жүрген бикештер аз ба? «Әсемпаз болма әрнеге», - деп қайран Абай осындай ұрпақтарына ескерткен сияқты болады да тұрады. Қазіргі бірқатар жастарымыздың жаңа сән деп киіп жүрген киімдері олардың бәріне бірдей жараса бермейтіні де еске түседі. «Бес саусақ бірдей емес» - демекші, біреудің бойы қысқа болса, екінші біреу толық, тағы біреудің аяғы қысқа болып келеді. Ендеше соның бәрі де бір қалыптан шыққандай болмай, әркім мүмкіндігінше өзіне лайықты киім

таңдап кесе, жарасымды емес пе? Тек тігіншілермен ақылдасып, етек жағаны қалай пішкенде өзіне қонымды болатынын ойластырса, әдептен озбауды ескерсе, жетіп жатыр. Басқаны қайдам, өз басым жастардың, әсіресе қыз балаларымыздың әдепті, сыпайы-сынық болғанын өте ұнатам. «Әйелдің бойында әлсіздікті ұнатам» дегенде, дана Маркс оларды тіпті де кемсітіп айтпаған ғой. Әйелдің сыпайы қозғалысы мен сәнді жүрісі оның құлын мүшесінің үнсіз музыкасы сияқты емес пе? «Сымбат» деген бір ауыз сөздің өзінде қаншама әсемдік жатыр. Тағалы аяқ киім киіп, тайраңдап жүргеннің, жасқа лайықсыз сөз айтып, тасырандаудың эстетикаға үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Бұл тәлімгер-ұстаздың бұдан ширек ғасыр бұрын айтқан ақыл кеңестері. Соған қарамастан бүгінгі күнмен үндесіп тұр. Біздің оған қосып-аларымыз жоқ.

Ұлағатты ұстазды адам болмысы да ерекше ойландырады. Оның ойынша адам – ең әуелі адамгершілігімен, парасат биігімен көрікті. Демек, нағыз азамат деп коллектившіл адамды, Отанның мүддесін жеке басының мүддесінен жоғары бағалайтын адамды айту керек. Мәселен, тігінші өзгелердің сымбатына көрік қосқан өнерімен, ақын-жазушы салмақты ойымен, әсем сөзімен бақытты. Ұстаздың мерейі өзі түлетіп ұшырған шәкірттерімен биік. Ал енді біреудің сырт бітімі қаншама әдемі болғанымен өзі ұшып-қонба берекесіз болса, оны әдемі деп ешкім айта алмайды. Демек, сұлулық, әсемдік, көркемдік дегеніміз – табиғи үйлесімділік, диалектикалық бірлік. Шын сұлулық дарыған адамда жан сұлулығы мен тән сұлулығы бірдей болмақ. Адамзаттың асқан парасатты ұл-қыздарының ғасырлар бойы арман еткені де – осы жан-жақты сұлулық.

Экономикалық білімімізді кәдеге асыру үшін бізге экономикалық тәрбие ауадай қажет дейді тәлімгер-ұстаз. Ал, бұл өзі оп-оңай іске аса салатын нәрсе емес. Қазір мектептерде еңбек өнімділігі, өзіндік құн, өнімнің сапасы, шаруашылық есеп сияқты экономикалық түсініктермен таныстыру ісі қолға алынып отыр. Бұл – қуанарлық жай. Күні кешеге шейін бұл мәселеге, экономикалық тәрбиеге мүлде бет бұрмай келдік. Бізде музыка мектебі, спорт мектебі, математика мектебі бар. Ал экономика мектебі жоқ. Қазақта: «керек тастың ауырлығы жоқ», – деген нақыл сөз бар. Тамаша айтылған ғибратты сөз. Бірақ біз ата-баба айтқандарының бәрін орындай бермейтін халықпыз» [2;346] – деп киналады тәлімгер.

Ишанбай Қарағұлұлы осы тұста өз өмірі туралы былайша сыр шертеді. «Бертін келе қызмет істеп, мал таптық, ақша таптық. Мен қолыма ақшаны есейген шақта ұстадым. Содан ба, осы күнге шейін ақшаны ұстай алмай келемін. Осы бір маңызды мәселе төңірегінде ой кешкенімде жеке адам емес, семья емес, бүкіл бір елдің ұқыптылықты өмір заңы еткеніне қайран қаламын. Мәселен, бізге қарағанда өзбек ағайындар анағұрлым ұқыпты. Ұқыптылық үлкен категория. Ол белгілі бір нәрсенің түптеп келгенде, өмірдің қадірін білуге келіп саяды».

Тәрбиенің маңызды саласының бірі – жасөспірімдерге, жастарға құқықтық тәрбие беру мәселесі де профессор назарынан тыс қалмаған. Құқықтық нормалар әдетгілік принциптеріне сүйенеді, әуелі от басында қалыптасады. Ендеше, оқушы жастардың тәртіп бұзуының бір жағы семьяда жатыр.

Қазіргі студент, – дейді ұстаз, – ертеңгі маман, өндіріс жетекшісі, басшы. Демек, жоғарғы оқу орнын тамамдаған оған кәсіби мамандықпен қатар құқықтық білім де өте керек. Халық шаруашылығының қай саласында жүрсе де әр маман, әрбір басшы шаруашылық және еңбек заңдылығын бұлжытпай орындауға борышты. Сондықтан Қазақ ССР Юстиция министрлігінің ұсынысы бойынша сол кездегі Қазақ политехникалық және Алматы Мемлекеттік халық шаруашылығы институттарында құқықтану кафедраларының ашылуы – құптарлық іс [2;466.] – дейді ол. Құқықтық мәселелерді сөз ету, оны тыңдаушысына жеткізіп бере білу – аса қиын өнер. Бұған тек қана білімді болу жеткіліксіз, сонымен бірге тәжірибе, көпті көргендік, адамдардың жүрегіне барар кілтті таба білу маңызды. Насихат құрғақ болмай, нақты мысалдармен тұжырымдалса, жұрттың көкейіне ұғымдырақ болатыны белгілі.

Ишанбай Қарақұлұлы ең алдымен жастардың жас бола білуін, өз аттарына сай болуларын армандады. Былайша айтқанда, «от шайнап, жалын бүркіп» өссе, жастықтың тұзын ақтаса, еліне елеулі, халқына қалаулы азамат болуға талпынса – деп тіледі. Тәлімгер-ұстаз: «жігіт қадірлі өнерімен», «жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болсын» дейтін қазақ нақылдарының ел арасына көп тарауын бұл мәселеге халықтың ерте заманнан-ақ зор мән бергенінен деп түсіндіреді.

Тағылымды ұстаздың бұл мәселе төңірегіндегі ойлары төмендегідей. Өз баламызды қандай жақсы көріп әлпештесек, жас қауымның бәрін де соншалықты әлпештеп өсіруіміз керек. Жастарды жалпылама айыптаудың орнына олармен бірге отырып, қоян-қолтық араласа жүріп, жас ұрпақ тәрбиесін жолға қою – алдымен үлкендердің міндеті. Жастар тәрбиесіне қаншама еңбек пен күшінді жұмсаған да көптік етпейді. Өйткені ол бүкіл халықтық игілікті іс, болашағымызға арналған еңбек. Өзіміз көрген, кезінде еліктеп соңынан ерген өз ағаларымыздың жалпы жұртқа өнегесі аз болмайтын. Бұл орайда әсіресе халқымыздың рухани қазынасына үлкен үлес қосқан, тағылымын элем таныған Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбанов, Евней Букетов, Ілияс Омаров қандай еді. Ал енді осы аталған ардақты ақсақалдардың, ағалардың ізін басып, олардың ізгі қасиеттерін сақтап, олқы жерлерін өз шеберліктерімен толықтырып, халқымыздың рухани қазынасын молайтуға үлесін қосып, қаулап өсіп келе жатқан көптеген жастарымызды біз аға буын өкілдері мақтан етсек жарасымды емес пе?!

Адам. Табиғат. Қоғам. Бұрын-соңды болып көрмеген өзара тәуелділікті бастан кешіріп отырған қазіргі кезеңде адам өз қызметінде прогреске сүйенеді. Сон-

дай-ақ ол бостандықты да жанына серік етеді. Мұны айтып отырған себебіміз елімізде демократия белең алған сайын адам «жоғарғы жақтан келетін былай істе, олай істе» деген нұсқаулардан да бірте-бірте құтылады. Сонда бостандық адамға не береді? Жұрт білетін еңбек ету, материалдық және рухани игіліктерді әділетті бөлу, адамның өз қабілетін дамыту және оны қолдану, дем алу, белгілі деңгейде көңілін көтеру құқықтарын береді, дәстүрлерін жалғастыруға мүмкіндік жасайды. Ғалым соның қазақтар үшін бастыларының бірі әртүрлі мазмұн мен деңгейлердегі тойлар деп біледі. Қазіргі тойдың қонақтары көбіне жоғары немесе орта дәрежелі білімді, сауатты, саяси санасы да жоғары адамдар – дейді ол. Демек, олар той басқарушыға сын көзімен қарайды, тамадан көп нәрсе күтеді. Сондықтан тамада алдымен сауатты, абыройлы, ақылды, әр нәрседен мол хабардар адам болғаны дұрыс. Тамада тойға келген қадірлі қонақтарды, яғни өзінен жасы үлкен ағаларды, талапты жастарды басқара отырып, өзінің жақсы қасиеттерімен олардың құрметіне бөленуі керек. Оның сөзі тойдан қайтқан адамдардың көкейінде сақталып, бейнесі көз алдында тұрғандай болса қандай ғанибет! Ағаның бұл ескертпелері бүгінгі тамадаларымызға да ой салар деген үміттеміз.

Жанашыр тамада тойдың экономикалық жағына да көңіл аударғаны абзал. Далада жатқан мал жоқ, дүниенің бәрі есептеулі. «Заманның жақсы кезі ғой, ағайын, жақын жолдастар да жәрдемін берер», – деп тым тасып төгіліп жатқан да дұрыс емес. Көп шашылғанмен де той қызық бола қоймауы мүмкін.

Халқымыздың этномәдени дәстүрлерін жақсы білетін Ишанбай Қарақұлұлы ұлттымызға тән қонақжайлық, сыйластық, туыстық сияқты жайлардың таным-тәрбиелік, тағылымдық жағына ерекше назар аударады. Ол қазақтың қонаққа деген кең пейілін, қошеметін мақтап, осындай асыл қасиетті ұмыта бастаған бір қазақ азаматын әңгімелей отырып, Мұхтар Әуезовтің: «Қонақ күтіп, қонақасы беруден айрылған қазақ - көп нәрседен айрылған қазақ», - дегені әлі күнге есімінен кетпейді деп тұжырады өз ойын.

Қазақтың ұлттық қасиеттерінің бірі – оның айрықша қонақжайлығы, мейман күтуді сүйетін әдеті дейтін болсақ, ол достықты сүюдің ең басты белгісінің бірі болып саналуға тиіс. Бұл туралы тәлімгер-ұстаз, қонақшыл адамның әдетте жолдас-жоралары, достары, сыйлас адамдары көп болады. «Таспен ұрғанды аспен ұр» – дегендей, кейбір араздас адамдар дастарқандас отырып досқа айналатын жағдай да аз болмайды. Осы арада еске алатын нәрсе, қазақтар өз бетімен келген адамды «құдайы қонақ» деп атап, оны әдейі шақырылған қонақтан бетер қадірлеген. Қазірге шейін ауылдық жерлерде үлкендер «қонақ келіп қалар, тиендер, қалдырындар!» - деп отырады. Сөйтіп қазақтар үйіндегі дәмді, тәтті тамағын қонағының аузына тосатын болған. «Гүл ұсынған адамнан дұшпандық күтпе» – демекші, қол қусырып, қонақасы беріп, бұйымтай сұрап отырған адамнан көбіне-көп достық

күтуге болады. Халқымыздың бұл қадір-қасиеті, асылы көршілес елдерге белгілі болған [2;526.] - дейді ғалым-ұстаз.

Keң даламызға көрші елдерден, басқа жерлерден діні, тілі, ділі бөлек адамдар қашып келіп паналайтынының басты себебі де осыдан. Олардың ішінде орыс та, украин да, татар, башқұрт, қарақалпақ, кавказ халықтары да кездескен. Қазақ мұндай адамдарды «жеріңе симай неғып жүрген бейбақсың» деп қудаламай бауырына тартқан. Олардың біразы үйленіп, ұрпақ өсіріп келген жерінде қалып қойған. Қазақ жерінде талай революционерлер, өз елінде жазықсыз жапа шеккендер қамқорлық, құрмет көрген, әсіресе қарақалпақ бауырлар бізді көп сағалаған. Олардың ұрпақтары Ақтөбе, Орал, Қызылорда, Қостанай, Торғай облыстарында осы күнге шейін бар [2;186.] – дейді профессор.

Профессор пайымдауынша, әр дәуірге, әр заманға не мүлде жақсы, не мүлде жаман деп сыңаржақ баға беруге болмайды. Бұл мәселеде орыс халқынан көп нәрсе үйренуге болады. Орыс ғалымдары Пушкиннің, Лермонтовтың сонау ертедегі ата-бабаларынан бүгінге шейінгі үрімбұтақтарын зерттеп, үлкен шежіре жасады. Бұл шежірелерден әр атаның не кәсіппен шұғылданып, қалай өмір сүргені туралы толық мағлұмат алуға болады. Мұның тәрбие үшін де маңызы зор.

Ұлтымыздың этномәдени болмысының бір көрінісі – бесік. Ғалымның бұл туралы пікірі де ұстанымды, ғылыми да, практикалық та нәтижелерге ие. Бөбекті бесікке бөлеу шығыс елдерінде ежелден бар. Оны қазақ пен қарақалпақ – бесік, өзбек пен та-тар – бешік, тәжік – говра, ұйғыр – бөшүк, азербайжан – бишек, грузин – аквань дейді. Бұл халықтардағы қолданылатын бесіктің бір-бірінен бөлендей айырмашылығы жоқ. Бесікті көп қолданған халықтардың оған деген құрметі де шексіз. Сол бесікте бәріміз де өніп-өстік. Бесікте жатқанда естіген әлдің үні әлі күнге дейін құлағымыздан кетпейді. Тіпті сол бесікте жатып былдырлап тіліміз де шықты. Алғашқы дүние танымымыз да, сол бесіктен басталды десек те артық емес [2;1766.] – дейді ғалым.

Тәлімгер-ұстаз ойын ары қарай өрбітіп, Бесік – қасиетті сөз. Ол «Отан» сөзінің синонимі іспетті. Әдетте біз «туған жер – алтын бесік» дейміз. ҚР Президентінің «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» Бағдарламалық мақаласында да аға буынның танымал өкілінің осы сөзі: «...қазақ «Туған жерге туынды тік» [3] деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады» делінген.

Ғалым «туған жер» ұғымын «бесік» сөзімен байланыстырудың тегін емес екендігіне тоқтала келіп, оның халық тарихының, тұрмысының алтын өзегі екендігіне мән береді. О баста бесік ананың ауыр тұрмысын, оның күнделікті сансыз міндетін жеңілдету мақсатында пайда болса керек – дейді.

Бесіктің бас конструкторы абзал ананың өзі болды десек те қателеспейтін шығармыз. Ал бұдан ана не

ұтты деген сұраққа келетін болсақ, бесікке бөленген бала оқыс құлап жарақат алмайды, отқа-суға түспейді, шүмек, түбектің арқасында сәби құрғақ бесікте жатады. Көші-қон кезінде жаялық аз жуылып, ана біраз артық тауқыметтен құтылады. Бесікке сәби бөленген соң ана алаңсыз болып, басқа шаруасын емін-еркін істеуге мүмкіншілік алған – деп қорытады өз ойын дәрігер-ұстаз.

«Кеңесіп пішкен тон келте болмайды», - деп қазақ бекер айтпаған ғой. Жасы үлкендерді сыйлау, олармен санасу салтын көздің қарашығындай сақтау, оны отау құру жағдайында да қолдануымыз керек. Бұл – ғасырлар бойы бұлжымай келе жатқан халық тәлімі. Бүгін үлкенді сен құрметтесең, ертең сені үлкен деп өзгелер де құрметтейтін болады – дей келіп, профессор Ишанбай Қарақұлов өзі туралы: 16 жасымда совет мектебінің есігін алғаш аштым. Жаңа өмір күн сайын жаңалық әкелді, менің де өмір ағысынан қалғым келмеді, медицина техникумына түстім, одан кейін медицина институтына қабылдандым. 1937 жылы Алматы медицина институтын бітірдім. Сол жылы Қазақ ССР Денсаулық сақтау халық комиссары болдым. Бұл жауапкершілігі мол қызметті атқарып жүргенде көптеген кісімен таныстым – дейді. Бұл жерде оның айтпағы сол танысқан адамдардың үлгілеуге тұрар ұлағаттары туралы. Құлақ салалық.

Солардың бірі – деп жазады ол - кезінде Коммунистік интернационалдың хатшысы болып істеген Дмитрий Захарович Мануильский (1883-1959) еді. Осы бір ғажайып жанның маған деген ыстық ілтипатын еске түсірудің өзі бір ғанибет. Оған өзімді мәңгі қарыздармын деп есептеймін десе, балет өнерінің атақты шебері, биші Г.Уланованың қарапайымдылығы, сыпайылығы, ізеттілігі қайран қалдырғанын жазады.

«Менің ойымша, Д.З.Мануильский, Долорес Ибарурри, Хоси Диас, Индира Ганди, Галина Уланова сияқты тамаша адамдармен жүздесу ілгері ұмтылған әрбір сергек адам үшін теңдесі жоқ тағылым, үлкен мектеп, өсуге серпінділік беретін ғаламат күш еді. Өз біліміңді жетілдіру және саналы түрде еліктеу, өзінді өзің тәрбиелеу, болашаққа әзірлеу әдісі, сірә осылар болар деп ойлаймын» [2;2296.] - деп толғанады ғалым-ұстаз.

Өз замандастарыңды бағалай білу де – үлкен парасаттылық. Ғалым-дәрігер өзінің республикада денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушы, ғылым зерттеушісі, педагог ретінде қалыптасуына әсері болған көптеген медицина қайраткерлерін зор ілтипатпен атап, олардан, көп нәрсені үйренгенін, оларға еліктегенін, мүмкіндігінше пайдалы деген қасиеттерін алуға ұмтылғанын жазады. Ол – Н.А. Семашко, П.А. Владмировский, П.Н. Каминский, Н.И. Гращенков, Г.А. Митерев, А.Ф. Третьяков, М.Д., С.В. Курашов, Е.И. Смирнов, А.Ф. Петровский және С.П. Буренков сияқты кеңес дәуірінің әр кездегі денсаулық сақтау ісінің басшыларымен тікелей жүздесіп, әңгімелесу бақытына ие болған қазақ азаматы.

Принципшілдік пен табандылық барынша адал

адамдарда ғана болатындығы белгілі. Сондай адамдарға еліктеп, барынша табанды болуға және өзіме өзім қатаң талап қоюға тырыстым – дейді ол.

1962 жылы Ишанбай Қарақұлұлының «Үнділік достар арасында» деген кітабы орыс тілінде жарық көрді. Ол кітапқа алғысөзді Лениндік сыйлықтың лауреаты, ойшыл-жазушы Мұхтар Әуезов жазған еді. Ал 1983 жылғы шыққан «Қырық сұрақ – қырық жауап» кітабына алғысөзді белгілі классик жазушы, Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғ.М.Мүсірепов жазған болатын. Осыны білетін туыстары мен достары: «Қарақұлұловтың кітабына алғы сөзді тек классиктер жазады. Бүгінде қазақ әдебиеті классиксіз қалды. Енді Ишекеңнің жағдайы қалай болар екен?» деп қалжындапты. Шынында да ол екі жазушымен де жақсы қарым-қатынаста болды. Олар заманынан озық туған тұлғалар еді. Соған қарамастан қайырымды болды. Осындай тамаша жандармен араласа жүріп те көптеген жайларға қанықты, азамат, тұлға есебінде қалыптасты.

Белгілі қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз Ишанбай Қарақұлұлы ел болашағы жастарда деп біледі. Жас кезде алған тәрбиенің күллі өмірге, болашақ құрар семьяға, өсірер ұрпаққа тигізер әсері өзгеше болмақ. Сондықтан да тәрбие деген сөзді көбінесе жастарға байланысты айтамыз. Өзінің жастық шағын, өз өмірін Ишанбай аға жиі еске алады және оны бүгінгі күнмен ұштастыра баяндайды, бүкпесіз ашығын айтады, ол кез мен үшін, бір жағынан, қуанышты әрі жеңіл, екінші жағынан, ауыр әрі қиын заман болды. Жеңіл болатыны – есім кіргеннен бастап қазіргі күнге шейінге бүкіл ғұмырым көз алдымда сайрап тұр. Ал ауыр дейтінім – осы сексен жасқа дейінгі бастан кешкен өмірім, әсіресе жастық шағым бейнебір «тар жол, тайғақ кешу» сияқты. Елде аштық болды, жағдай қиындады, амалсыз қоныс аударуға тура келді. Біз қазіргі Қарақалпастанға түйемен көшіп 63 күн дегенде зорға жеттік. Сол уақыт ішінде көрмеген азабымыз қалған жоқ. Жейтін тамақ аз, су одан да қат, аштықтан шөл қиын екенін сонда білдік. Қатты шөлдеп аузын құрғағанда сілекей шақырып, таңдайды ылғалдау үшін тілдің астына әйелдің шашын, немесе аттың жалын, түйенің шудасын бүктеп салатынын білдік.

Көп ұзамай он жасқа жетер-жетпей алдымен Базарбайдың, одан соң Төлеу, Сапар, Сұлтан дегендердің жалшысы болып күн көрдім. Малды да бақтым, үйді де сыпырдым, жаялық та жудым, тамақ та пісірдім. Егін егіп, жер суарып, арық қаздым. Түсініспестіктің салдарынан жаңаны жақтағандардың, жаңа оқуға ұмтылғандардың зәбір көргені, қаза тапқандары аз болған жоқ. Оқуға өз ықтиярымен барғандар да болды. Солардың бірі мен едім. Үш айлық курсты бітірген соң Түркменстандағы Ташауыз қаласында асханада жұмысшы болдым, кейін сондағы округтік партия комитетінде курьер болып жүріп, кешкі саяси сауатсыздықты жою курсына оқыдым. 1925 жылы комсомолға кірдім. Онан соң Қарақалпақстандағы өзім батрақ болған ауданда жұмыс істеп жүргенімде Орын-

бордағы интернатқа оқуға жіберді. Онда 1926-1929 жылдары оқып, 1929-1930 оқу жылы Оралдағы медицина техникумына ауыстым.

Профессор өз өмірін осылайша еске алды. Адам өмірі қызық-ау. Он алты жаста алты, жеті жасар балалармен бірге алғаш мектепке барған, институтқа даярлықсыз түсіп, оны сәтті бітірген, өте жауапты қызметтер атқара жүріп, 1946 жылы кандидаттық диссертация қорғап, диплом алып, онан соң екі жарым жылдың ішінде докторлық диссертация қорғаған, жоғары атақтарға ие болған - осының бәрі, өмір тәжірибесі аз кейбір жастарды тандандыру былай тұрсын, тіпті сенбеушілігін туғызуы да мүмкін-ау. Алайда, бұл – амалы жоқтықтың салдары. Бұл сол кезеңдегі талапты жастардың көбінің басында болған жағдай.

Олар өз уақытында ұлттық мәндегі жан-жақты тәрбие ала алмады. Бірақ білмеймін, түсінбеймін, шамам жетпейді деп қол қусырып та отырмады. Соған қарамастан олардың замандастарының көрген азабы, тамған тері мен аққан қаны, еткен еңбегі босқа кеткен жоқ.

Әрине, дүние бір орында тұрмайды. Бұл дүниеден ұрпақ көшіп, орнына жаңа ұрпақ келеді. Оларға бұрынғы және қазіргі аға ұрпақтардың кейбір істер ұнамауы да мүмкін. Бұл – заңды да. Өйткені жер бетіндегі тіршілік, қоғам, адамдар үнемі тынымсыз жетілу, жаңғыру үстінде болды.

Ал бүгінгі жастар бала бақшаны, балалар алаңын, мектеп, театр, клуб, радио, телевизорды, көкті кезіп жүрген самолетті баяғыдан бар үйреншікті заттай көреді. Бұл үшін жастар кінәлі де емес. Өйткені, оларды «Әзір асқа тік қасық» етіп тәрбиелеп жүрген өзіміз ғой. Баланы кішкентай кезінде қабырғасы қатпаған әлі жас қой деп жұмсамаймыз, сөйтіп жүріп ұл-қызымыздың кер жалқау болып өскенін аңғармай да қаламыз. Енді ол жұмсасан тілінді алмайды, тілінді алмайды емес, істің көзін тауып атқара алмайды. Содан соң ыза боласын да бар шаруаны өзін істейсін. Бұл өтірік пе, ағайын? – деп артындағы біздерге сұрақ қоя ой тастайды. Шындық, сондықтан келіспеске шараң жоқ. Тек тағылым алу, қорытынды шығару керек.

«Аз ба, көп пе, әйтеуір ойда жүрген біраз жайды ағынан жарылып сіздердің ортаңызға салғаным. Еңбегімнің ел талқысына түсуі бір олжа болса, кейінгі ұрпаққа көрген-білген, бастан кешірген талай жағдайды айтқанымның өзі қандай ғанибет. Осы еңбекпен дұрыстап танысқандардың көпшілігі мұндағы көтеріліп отырған мәселелердің болашақ үгітшілері деп ұғамыз. Білген кісіге бұл да аз олжа емес. Сөйтіп, көптен көңілде жүрген бір істі тындырып, сыншыл да, сыншыл жас достарыммен кездескеніме қуаныштымын» [2;251] – дейді ол ағынан жарылып.

Жастарға арнап: «Жас достарым! Гүлдің қауыз жарып, жұпары аңқып, төңірекке әсемдік, сұлулық тарататыны сияқты адам баласының да жарқырап жайнайтын шағы – мына сенсіндер. Олай болса, бекер масайрап, орынсыз мастанбай, елге, қоғамға қосқан үлестеріңе қарандар. Әр жасты халық мақтап, сый-

лайтын болсын. «Еңбекпенен ер көгерер, жауынменен жер көгерер» деп халқымыз бекер айтпаған ғой! Осыны естен шығармаңдар! «Асыл ағаш тік тұрып қурайды» — демекші, жастай алған тәрбие өмір бақи тозбақ емес» – деп өсиет айтады.

Жастарды жан-жақты тәрбиелеу — бүгінгі таңдағы аса күрделі де абыройлы міндеттердің бірі. Бұл жөніндегі өзінің білгендері мен ойда жүргендерін ұлағатты ұстаз жұртшылық талқысына салған.

Тәрбие сан алуан. Оның барлық түрін түгелдей қамту да мүмкін емес. Сондықтан ол тек солардың басты-бастыларына ерекше тоқталып, келер ұрпаққа байыппен әңгімелеп берген.

«Игілікке ұмтылу – жастардың бойында кездесетін таптырмас қасиеттердің бірі екені ежелден белгілі. Бұл еңбекті жазу үстінде біз болашақ жас достарымызға сендік. Біздің айтқандарымыз жас ұрпақтың күнделікті кәдесіне жарап жатса, онда еңбегіміздің зая кетпегендігі», [2;253] – деп аяқтапты «Сырласу» кітабын ұстаз. Біздің де осы мақаланы жазғандағы ойымыз осыған саяды. Саналы да, сапалы ұлт, болашағынан үміт күттірер жастар өткен замандарда ұлт үшін, ел игілігі үшін ерен еңбек еткен ұрпақ өкілдерін ұлықтағаны, құрметтегені, ұмытпағаны абзал. Азаматтарын, қайраткерлерін ардақтаған, ұлықтаған ұлт болашағы қашан да жарқын болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 2017;21.
2. Қарақұлов И. Сырласу. Алматы, 1989;256.
3. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 2017;20.

Ádebiетter тізімі:

1. Nazarbaev N. Bolashaqqa baǵdar: rýhani jańǵyru. Astana, 2017;21.
2. Qaraqulov I. Syrlasu. Almaty, 1989;256.
3. Nazarbaev N. Bolashaqqa baǵdar: ruhani zhańǵyru. Astana, 2017;20.

ШОЛУ

1. Г.А. Бимұратова, В.Л. Резник, О.Т. Қасымов
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
ҚАДАҒАЛАУДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ
ЖӘНЕ ДАМУЫ (ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ)**..... 7
2. М.К. Изтлеуов, А.У. Турғанбаева, Д.С. Сақыпова, Ж.С. Умирзакова
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫ ӘЗІРЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ..... 13
3. Қ.М. Кибатаев, С.К. Саханова, Г.М. Ургушбаева, А.А. Умирзак, П.С. Ким, Г.Қ. Кенжеғазова
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ШОЛУ..... 18
4. Ү.А. Қожахметова, А.К. Тұрғамбаева, М.К. Жаналиева, Ж.Б. Накипов, З.А. Хисметова
НӘРЕСТЕЛЕРДЕГІ ТУА БІТКЕН АҚАУЛАР ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 23
5. Ж.Б. Нургазина, Н.С. Тәбриз, А.В. Лавриненко, М.Т. Қожамуратов, К. Скак
**ТЫНЫС АЛУ ЖОЛДАРЫНЫҢ БЕЙСПЕЦИФИКАЛЫҚ АУРУЛАРЫМЕН ЖАНАСҚАН
ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗИНІҢ АҒЫМЫ (ӘДЕБИ ШОЛУ)**..... 29

ТҮПНҰСҚА МАҚАЛА

6. Н. Алексенова, Р. Назарбаева, Л. Кошербаева, Anna Włoszczak-Szubzda, Konrad T. Juszkiewicz
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨКПЕНІҢ СОЗЫЛМАЛЫ ОБСТРУКТИВТІ АУРУЫНЫҢ
АУЫРТПАЛЫҒЫ**..... 37
7. А.К. Мухамбетғалиева
**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**..... 42
8. Ж.М. Шаймбетов
**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНДЕГІ МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАРАП ТЕКСЕРУДІҢ
САПАСЫ МЕН ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ**..... 47

КЛИНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

9. Б.С. Жакиев, О.М. Курманғалиев, Б.А. Курманбаев, Б.К. Жанабаев, А.Т. Имжаров
**БАУЫР МЕН ҚОЛҚАНЫҢ КӨКЕТ АСТЫ БӨЛІГІНІҢ ӨТПЕЛІ ЗАҚЫМДАНУЫМЕН
ӨТЕТІН ТОРАКОАБДОМИНАЛЬДЫ ЖАРАҚАТ ДИАГНОСТИКАСЫ МЕН ЕМІНДЕГІ
ҚАТЕЛІКТЕР**..... 53

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ

10. Л.С. Сыдык, М.М. Книсарина, Л.Е. Егизбаева, *К.Б. Турдалина, М.К. Таушанова
**КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ
МАҢЫЗЫ**..... 57

СТУДЕНТ БҰРЫШЫ

11. П.А. Тусупкалиева, А.Э. Мулдашева, А.С. Мусаева, А.Б. Аманшеева, А.С. Назарбаева
**ҚОЗДЫРЫЛҒАН БОСАНУДАН ТУЫЛҒАН НӘРЕСТЕЛЕРДІҢ БЕЙІМДЕЛУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**..... 63

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

12. А.Т. Тайжанов, Б.И. Шәмші
ИШАНБАЙ ҚАРАҚҰЛОВ ЖӘНЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ..... 68

ОБЗОР

1. Г.А. Бимуратова, В.Л. Резник, О.Т. Касымов
**СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ЛАБОРАТОРНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО НАДЗОРА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
(ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ)** 7
2. М.К. Изтлеуов, А.У. Турганбаева, Д.С. Сақыпова, Ж.С. Умирзакова
МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗРАБОТКИ ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНИКА 13
3. Қ.М. Кибатаев, С.К. Саханова, Г.М. Ургушбаева, А.А. Умирзак, П.С. Ким, Г.Қ. Кенжеғазова
**ОБЗОР СОВРЕМЕННОЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОБСТАНОВКИ ТЕРРИТОРИЙ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ** 18
4. У.А. Кожахметова, А.К. Тургамбаева, М.К. Жаналиева, Ж.Б. Накипов, З.А. Хисметова
**АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПО ВРОЖДЕННЫМ ПОРОКАМ РАЗВИТИЯ
НОВОРЖДЕННЫХ ДЕТЕЙ** 23
5. Ж.Б. Нуртазина, Н.С. Тэбриз, А.В. Лавриненко, М.Т. Қожамуратов, К. Скак
**ТЕЧЕНИЕ ТУБЕРКУЛЕЗА ЛЕГКИХ В СОЧЕТАНИИ С НЕСПЕЦИФИЧЕСКИМИ
ЗАБОЛЕВАНИЯМИ ОРГАНОВ ДЫХАНИЯ (ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ)** 29

ОРИГИНАЛЬНАЯ СТАТЬЯ

6. Н. Алекенова, Р. Назарбаева, Л. Кошербаева, Anna Włoszczak-Szubzda, Konrad T. Juszkiwicz
**БРЕМЯ ХРОНИЧЕСКОЙ ОБСТРУКТИВНОЙ БОЛЕЗНИ ЛЕГКИХ ПО АКТЮБИНСКОЙ
ОБЛАСТИ** 37
7. А.К. Мухамбетғалиева
**ФОРМИРОВАНИЕ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ В УЧЕБНО-
ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА** 42
8. Ж.М. Шаймбетов
**ОЦЕНКА КАЧЕСТВА И ЭФФЕКТИВНОСТИ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ МЕДИЦИНСКИХ
ОСМОТРОВ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОМ РЕГИОНЕ** 47

КЛИНИЧЕСКИЙ СЛУЧАЙ

9. Б.С. Жакиев, О.М. Курманғалиев, Б.А. Курманбаев, Б.К. Жанабаев, А.Т. Имжаров
**ОШИБКИ В ДИАГНОСТИКЕ И ЛЕЧЕНИИ ТОРАКОАБДОМИНАЛЬНОГО РАНЕНИЯ
СО СКВОЗНЫМ ПОВРЕЖДЕНИЕМ ПЕЧЕНИ И ПОДДИАФРАГМАЛЬНОГО ОТДЕЛА
АОРТЫ** 53

МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

10. Л.С. Сыдык, М.М. Книсарина, Л.Е. Егизбаева, К.Б. Турдалина, М.К. Таушанова
**РОЛЬ ПРЕДМЕТНО-ЯЗЫКОВОГО ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ (CLIL) В
УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ** 57

СТУДЕНЧЕСКИЙ УГОЛОК

11. П.А. Тусупкалиева, А.Э. Мулдашева, А.С. Мусаева, А.Б. Аманшеева, А.С. Назарбаева
**ОСОБЕННОСТИ АДАПТАЦИИ НОВОРЖДЕННЫХ, РОДИВШИХСЯ ОТ
ИНДУЦИРОВАННЫХ РОДОВ** 63

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

12. А.Т. Тайжанов, Б.И. Шамши
ИШАНБАЙ КАРАКУЛОВ И ВОСПИТАНИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ 68

REVIEW

1. G.A. Bimuratova, V.L. Reznik, O.T. Kassymov
**ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SANITARY AND EPIDEMIOLOGICAL SURVEILLANCE LABORATORY SUPPORT SYSTEM
(LITERATURE REVIEW) 7**
2. M.K. Iztleuov, A.U. Turganbayeva, D.S. Sakypova, Zh.S. Umirzakova
METHODOLOGICAL ASPECTS OF ELECTRONIC TEXTBOOK DEVELOPMENT 13
3. K.M. Kibatayev, S.K. Sakhanova, G.M. Urgushbayeva, A.A. Umirzak, P.S. Kim, G.K. Kenzhegazova
THE REVIEW OF ACTUAL ECOLOGICAL SITUATION IN AKTOBE REGION. 18
4. U.A.Kozhakhmetova, A.K.Turgambayeva, M.K.Zhanaliyeva, Zh.B. Nakipov, Z.A.Khismetova
TOPICAL ISSUES OF CONGENITAL MALFORMATIONS IN CHILDREN 23
5. ZH.B. Nurtazina, N.S. Tabriz, A.B. Lavrinenko, M.T. Kozhamuratov, K. Skak
**THE COURSE OF PULMONARY TUBERCULOSIS IN COMBINATION WITH NONSPECIFIC
RESPIRATORY DISEASES 29**

ORIGINAL ARTICLE

6. N. Alekenova, R. Nazarbayeva, L. Kosherbayeva, Anna Włoszczak-Szubzda, Konrad T. Juszkiwicz
**THE BURDEN OF CHRONIC OBSTRUCTIVE PULMONARY DISEASE IN THE AKTOBE
REGION 37**
7. A.K. Mukhambetgaliyeva
**FORMATION OF ANTI-CORRUPTION CULTURE IN THE EDUCATIONAL PROCESS OF THE
UNIVERSITY 42**
8. Zh.M. Shaimbetov
**EVALUATION OF THE QUALITY AND EFFICIENCY OF COMPULSORY MEDICAL
EXAMINATIONS IN WESTERN KAZAKHSTAN REGION. 47**

CLINICAL CASE

9. B.S. Zhakiyev, O.M. Kurmangaliyev, B.A. Kurmanbayev, B.K. Zhanabayev, A.T. Imzharov
**MISTAKES IN THE DIAGNOSTICS AND TREATMENT OF THORACO-ABDOMINAL WOUND
WITH CROSS-CUTTING INJURY IN THE LIVER AND THE SUBDIAFRAGMAL AORTA. 53**

MEDICAL EDUCATION

10. L.S. Sydyk, M.M. Knissarina, L.Ye. Yegyssbayeva, K.B. Turdalina, M.K. Taushanova
**THE ROLE OF CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING (CLIL) IN THE
CONTEXT OF MULTILINGUAL EDUCATION 57**

STUDENTS CORNER

11. P.A. Tussupkaliyeva, A.E. Muldasheva, A.S. Mussayeva, A.B. Amansheyeva, A.S. Nazarbayeva
PECULIARITIES OF THE ADAPTATION OF NEWBORNS WITH INDUCED BIRTH 63

RUHANI ZHANGYRU

12. A.T. Tayzhanov, B.I. Shamshi
ISHANBAY KARAKULOV AND EDUCATION OF THE YOUNGER GENERATION 68